

Шымкент қаласының білім басқармасы

«Turan mektebi» ЖШС

Баяндама

Тақырыбы: «Мектептің психологиялық ахуалы, оқушылар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу»

Педагог-психолог

Жанұзақова Жұлдызай Шайхысламқызы

Баядаманың тақырыбы:

«Мектептің психологиялық ахуалы,
оқушылар арасындағы
аутодеструктивті мінез-құлықтың
алдын алу»

Баяндама авторының

тегі, аты, әкесінің аты:

Жанұзақова Жұлдызай
Шайхысламқызы

Жұмыс орны, қызметі:

«Turan mektebi» - нің педагог-
психологы

Мектептің психологиялық ахуалы, оқушылар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу.

«Жеке адамның күйзелісімен күресу, оның себептерін жою жолымен ғана емес, сонымен бірге адамды жөнге салудың белсенді жолымен, білім бірлігімен, дамуына жағдай жасау арқылы да нәтижеге жетуге болады»

Л.С.Выготский

«Аутодеструктив»сөзі латын тілінен «қалыпты жағдайдағы құрылымының бұзылуы» деп аударылады.

Аутодеструктивті әрекеттер, яғни ол алкоголь, темекі мен есірткі заттарын қабылдап, денсаулығына және психикасына зиян келтіруі, ішкі эмоционалды қуатын шығару негізінде, адамның өзіне қол жұмсау себебіне соңы өлімге әкеліп соғатын жағдай деп қарастырамыз. Аутодеструктивті мінез-құлық қалыпты дамуға, адамның психологиясына кері әсері етеді. Яғни, суицид ауырыжастар арасында мұндай дерттің кеңінен таралуы алаңдатарлық жағдай. Жалпы, жасөспірімдік кезең-адамның тұлға болып қалып тасуына әсер ететін маңызды фактор екенің түсінікті. Бұл кезең де олар нәзік жанды, тез уайымдауға, сәтсіздікке берілгіш болып келеді. Ал жеткіншектік шаққа аяқ басқанда адамның қалыптасуы сана-сезімнің дамуындағы өзгеріспен анықталды. Жасөспірім өзің ересекпін деп сезіне бастайды, яғни ол мұндай құбылысты айналадағылардан да талап етуге ұмтылады. Бүгінде білім саласында осы тақырып жөнінде арнайы сабақтар өткізіліп, аутодеструктивті мінез-құлықты болдырмаудың жолдары кеңінен түсіндірілуде. Білім беру мекемелерінің психологтары аутодеструктивті мінез-құлық бойынша ерекше назардағы балалармен (*аутодеструктивті мінез-құлық өлшемдері бойынша анықталған «тәуекел топ»*) жұмысты әлеуметтік педагогтармен, инспектормен, сынып жетекшілерімен, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен өзара бірлесіп атқарыланады.

Аутодеструктивті мінез-құлық дегеніміз – ол адамның саналы түрде өзіне өзі қиянат жасап, қол жұмсауы. Яғни өзіне-өзі тоқтатуға бағытталған іс-әрекеті.

Аутодеструктивті мінез-құлық үшке бөлінеді:

1. нағыз, шынайы: күйзелістік жағдайдан соң, өмірдің мәнін жоғалтып, адам өзін ұзақ уақыт өлімге дайындайды. Ол қашанда жабырқау депрессиялық күйде жүреді. Бірақ, оны туыстары мен жақындарына байқалмайды.

2. жасырын: адам өзін өлімге дайындамайды. Ол өзі туындатқан сыртқы күштің әсерінен қаза табады. Мысалы: автокөлікті қауіпті түрде айдау.

3. демонстративті: өз проблемасына назар аударту, көмекке шақыру сияқты. Бұл жасөспірімнің айналасындағы жақын адамдарының қол ұшын сұраған жанайғайы, көңіл бөлуін талап ету. Ол күре тамырын кесу, дәрі дәрмектермен улану, асылу фактісін бейнелеу арқылы көрініс табады.

Мектеп оқушылары арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында, келеңсіздік әрекетті болдырмау үшін - жеке жеке зерделеп, оқушы мен оқушылар арасындағы қарым –қатынасты анықтау үшін - сауалнамалар, тесттер, мектептегі қобалжуды анықтауға арналған әдістемелер алу арқылы балалардың психологиялық деңгейлері анықтаймыз.

Мектептегі оқушыларға тәрбиелік және психологиялық кеңес беру мақсатында - өз ойларын ашық айту үшін «Сенім жәшігі және сырласу жәшігі» орнатылады. ДТЖО Асем Ақтайқызы екеуіміз осы оқу жылының IV тоқсандығында соны қолға аламыз.

ДТЖО мен мектеп психологының бірлескен жылдық жоспарына осы мәселе қарастырылған.

Мектепте аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында түрлі тақырыптарында тест, сауалнама, әдістемелер және жаттығу сабақтары жүргізілуде.

Мектеп ережелерін, жұмыс бағыттарын түсіндіре отырып, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру - оқушы бойында қалыптасатын жеке тұлғалық қасиеттерін анықтау, еліміздің ертеңі білімді жас ұрпақтың бойына жақсы тәрбие қалыптастыру және өмірге деген құштарлықтарын арттыру, мектептің психологиялық ахуалын арттыру, оқушылар арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мектеп педагогтарының қолында. Оның ішінде сынып жетекшілер – ДТЖО және мектеп психологымен бірлесе отырып жұмыс атқару қажет.

Көбінесе ата –ана балаларының проблемаларына, алаңдауларына көңіл бөлмеулерінің нәтижесінде балаларда ашу-ыза пайда болып мінез-құлықтары өзгеріп отырады. Оқушылардың көңіл- күйін анықтау мақсатында - «Менің отбасым», «Табиғатта кездеспейтін жануар» методикалары, «Агрессияны бағалау» тестісін жүргіздім.

Мектепке жұмысқа тұрғаныма енді 1 ай болғандықтан мен але 32 сыныпқа кіріп үлгермедім әрине. Менің мұғімдерден өтініш жасап кірген сыныптарым:

Отбасы методикасын - 4В, 3Б, 3В, 2Ә, 3Ә, 6А, 6Ә

Табиғатта кездеспейтін жануар 3Ә, 3Ғ, 3В

Агрессияны бағалау 5А 6А 6Ә

Жәнеде менің қабылдауымда жеке кеңесте болған оқушыларда болды. Олармен жеке диагностикалық жұмыстар, сауалнама алынды, сұхбат жүргізілді. Жеке кеңес беру журналына тіркелді. Саматқызы Балауса 4Ә сынып, Жалғас Баубек 3Ғ сынып. Бірақ олардың қолхаттары але алынбады ата анадан сынып жетекшілеріне ескерту. Және тізім өткізбегендерде бар. Келесі апта мен директорға барлық сыныппен жеке атқарылған жұмыс бойынша есеп өткізем сол кезде тізім және қолхат болу керек. Сіздер айтасыздар жеке жұмыс атқару керек оқушыларыңыз туралы маған, бірақ қолхат жоқ. Жеке диагностика жасаған мағанда тиімді, бірақ қолхат міндетті түрде болсын. Сіздер бүкіл сыныптан алыңыздар осы қолхатты. Бүкіл сыныпта болу керек екен психолог бүкіл сынып оқушыларымен жеке жұмыс жасайды деп айтыңыз.

Осы әдістемелердің резульатын шығарып қай оқушының отбасылық ахуалын түзеу үшін қандай жұмыстар атқару керектігін сынып жетекшілермен бірлесе отырып жоспар түзу арқылы келесі оқу тоқсандығында жұмыс атқарылады.

«ОТБАСЫ СУРЕТІ» ӘДІСІ

Мақсаты: баланың эмоциялық күйін, үрей мен уайымын анықтау. Жұмысты бастамас бұрын назар аудару қажет:

А) қарындаштар жай қалам немесе қаламсап болмауы тиіс. Өшіргішті барынша қолданбағаны дұрыс.

Б) баланың көңіл-күйіне көңіл бөлу; отбасындағы болған кикілжіңнен кейін бұл жұмысты жасамау, себебі, бала дәл сол уақыттағы көңіл-күйін салады; сурет салу барысында балаға кедергі болмау, дегенмен, баланың сурет салудағы көңіл-күйін бақылу қажет; сурет салу барысында баланы түземеу, мысалы «Сен әкенді салуды ұмыттың», «кұлақ, көз салмадың» деген сияқты сұрақтар қойылмау қажет; тесттің нәтижесін балаға айтпау, бұл бізге анықтама үшін қажет. Яғни, алдағы жұмысты жоспарлау және нақтылау үшін; нақты жауап алу мақсатында суретті 3-4 рет, арасы бірнеше күн өткізіп салдыру салдыру қажет. Сонымен қатар, суретте үнемі салатын жайттарды назарға алу маңызды.

№1 ТАПСЫРМА: Осы әдістемені әріптесіңізбен бірге орындап, интерпретация жасап көріңіз.

Нұсқау: А4 форматындағы қағаз бетіне түрлі-түсті қарындаштармен «Менің отбасым» немесе «Мен және менің отбасым» тақырыбында өзіңіздің отбасыңыз туралы бейнелеңіз.

№2 ТАПСЫРМА: Көрсетілген суретке интерпретация жасап, қысқаша түрде жазып қою керек.



«Табиғатта кездеспейтін жануар» әдістемесі.

Әдістеме типі: психодиагностикалық, проективтік

Авторлары: Г.Т.Хоменстаускас, А.И.Захарова, Р.Бернс, С.Кауфман.

Мақсаты: отбасындағы қалыптасқан қарым – қатынас ерекшеліктерін анықтау.

Жүргізушіге қажетті материалдар: ақ қағаз, ручка, түрлі – түсті қаламдар, өшіргіш.

Жүргізу тәртібі: Балаларға табиғатта кездеспейтін жануардың суретін салып, оны атау керек екендігі түсіндіріледі.

Оқушылардың агрессиясын зерттеу тестісі.

Мақсаты: Бала агрессиясының түрін және оның көрініс беру ерекшелігін анықтау. Бала агрессиясына зерттеушілер әр түрлі анықтама береді. Біреулері ол адамның қоршаған орта құбылыстарынан өзін қорғауға арналған тұқым қуалаушылыққа негізделген қасиет деп көрсетсе (Лорнед, Анри), екіншілері жетекші роль атқаруға бағытталған әрекет (Моррисон) деп түсіндіреді. Агрессияны фрустрациямен байланыстыратын теориялар да бар (Маллер, Дуб, Доллард).

Суицидтік мінез-құлықтың психологиялық ерекшеліктері: өзінің сырт келбетіне салақ қарау, өзін үнемі жалғыз сезіну, пайдасыз немесе кінәлі, қайғылы сезіну, бұрын ләззат әкелген жұмыстан қалыпты ортадан қанағаттанбау, өлу туралы ойға салыну, болашаққа жоспардың жоқтығы, ұсақ түйектерге ашулану, сыртқы бейнесімен түрінің мұңлы болуы, бір қалыпты дыбыс, асықпай сөйлеу, сөздің қысқа болуы, жауаптың жоқтығы,

жылдам экспрессивті сөйлеу, жоқтау, сыңсуға құмарлық, жалпы қозғалыстың саябырсуы, ештеңе істемеу, тым асыра қозғалу.

Эмоциялық өзгерістері: көңілсіз жүру, қабақ шытуы, ашулылық, бұрқылдау, айналадағы ортаға жағымсыз қарым-қатынас, айналаға жек көрушілік сезіммен қарау, өз-өзіне деген мейірімсіздік, қатыгездік сезімі, мәнсіз қорқыныш, мәнді қорқыныш, көңіл-күйдегі қайғының үнемі болуы, қайғыға душар болу, айнала қуанған сайын көңілсіздікке ұшырау, психикалық аурулар, депрессия, үрейлі қорқыныштың мінездемесі, невроз, ішкі үрей және қорқыныш, шизофрения.

Суицидтің белгілері: өзінің өткен өміріне пессимистік баға беру, өткен өмірдегі таңдаулы жағымсыз оқиғаларды еске түсіру, қазіргі кездегі өзінің жағдайына пессимист көзқарас, болашақта перспективтіктің болмауы, айналадағы ортамен қарым-қатынасқа түспеу, сыңсуға құмарлық, қырсығу, өзінің қайғысына эгоцентристік бағыттау, көзжасының вегетативті бұзылуы, көз қарашығының үлкеюі, ауыз құрғақшылығы, дем жетпеу, бас ауруы, ұйқысыздық, іштің түйілуі.

Жасөспірімдердің өзіне-өзі қол салуы – девиантты мінез-құлықтың бір формасы.

Суицидтік әрекеттерге ұшырау себептері: · Болашаққа шарасыздықпен қарау, мақсат-армандардың болмауы; · Ішкі эмоционалды жағдайдың бұзылуы; · Әлеуметтік шеттетілу; · Жанұядағы жайсыз психологиялық ахуал; · Өзіндік “Менінің” жоғалуы, сыртқы ортаның қысымы.

Суицидтің шығу себептері: 1. Отбасылық ұрыс-керіс, ажырасу, жалғыздық, махаббатқа жол болдырмау, жыныстық қарым-қатынастағы әлжуаздық; 2. Психикалық сырқаттық, белсіздік пен бедеулік; 3. Қылмыстық жауапкершіліктен қашу, істеген ісінің ұяттығынан қорқу; 4. Материалдық-тұрмыстық қиыншылықтар; 5. Жұмыс және оқу орындағы даулы мәселелер мен сәтсіздіктер; 6. Қоғамдық -саяси жағдайлар; 7. Тұқым қуалаушылық; 8. Даму акселерациясы.

Сыртқы белгілері: көп жағдайда көңілсіз күйде жүру, тыныш монотонды дауыс; сөйлеудің баяулығы, жауаптың қысқалығы; «с-шарасыздық».

Эмоционалды бұзылыстар: қоршаған ортаға деген көңілсіздік; кекшіл, жылдам ашуланғыш; қобалжу, негізсіз қорқу.

Қарым-қатынаста: оқшаулану, қоршаған ортамен қарым-қатынастан қашу; келешекке жоспардың болмауы; өз күйзелісі жөнінде дәрігер, психолог, педагогтарға шағымдану.

Суицидтік жағдайларға жеткізген психологиялық қажеттіліктерді азайту. · Өмірге ерекше қатынасты қалыптастыру. · Суицидтік мінез-құлықты тани білу, алдын алу.

Көмек беру үшін: · Суицидке әкелген себепті табуға тырысу. · Суицидке бейімділігі бар тұлға деп, оның әрекетіне нақты көзқараспен қарау. · Қамқорлық көрсете білу. · Тыңдаушы бола білу. · Өмірдегі қажеттілігін түсіндіре білу. · Сөз таластырмау. · Дәлелденбеген басу айтпау. · Үміт беру. · Мамандармен байланысу керек.

Қорытынды

Аутодеструктивті мінез – құлық қазіргі қоғамның өзекті мәселесі болып табылады. Бұл халықтың психологиялық көмек сұрауының жетекші себептерінің бірі. Адамгершілік қасиеттер өз бойындағы жақсы мінез-құлық, жақсы әдет, жақсы әдептен құралады. Ол ананың ақ сүтімен, әкенің үлгі-өнеге тәрбиелерімен бойыңызға сіңеді. Мектепте ұстаздар өмірдегі жақсылық пен жамандық, адалдық пен арамдықтың айырмасын танып білуге көмектеседі, өмірде дұрыс бағыт таңдай білуге үйретеді. Оны саралап, таңдап, бағалап, байыптап, өзіңізге керегін ала білу, жақсылыққа үйреніп, жамандықтан жирену өзіңізге байланысты.

Ең бастысы адамдарды сыйлай білу, сүйе білу керек. Қайырымды болу – еліне, адам баласына, табиғатқа деген махаббаттан басталады. Әр уақытта жақсы сөз айтуға, қайырымды іс жасауға кәсіби бейімділігіңіз болсын. Әрдайым баланың пікірін, не қажет екенін тыңдай біліңіз, оған ерік беріңіз, бала айтпай-ақ білетін көреген болыңыз. Шыдамды, сабырлы, ақылды болыңыз. Баланың қателігін көре тұра, оған сенетініңізді көрсетіңіз. Әрдайым күлімдеп қасында бірге екеніңізді білдіріңіз. Жақсы адам боламын, өмірде мақсатыма жетемін десең бойындағы қасиеттерді ізгілендіріп, адамгершілікке ұмтылған жөн.

Түн артынан күн шығатыны секілді, қиыншылық арты жақсылыққа ұласатынына бала сенімді болуы керек.

Ұсыныстар:

1. Әр бір сынып оқушыларымен жеке және топтық кеңес беру жұмыстары, диагностикалық әдістемелер ұйымдастырылса.
2. Мектепте өтілетін түрлі іс-шараларға ата –ананы қатыстыру және мектеп пен ата –ана тығыз байланыста болса.
3. Үйде ата-аналар, мектепте мұғалімдер баланың мінезіне, көңіл-күйіне қарай қарым-қатынас жасалса.